

трансформировалось» [3]. «Всё более активно в этой борьбе используются психологические и информационные средства» [4]. А значит, актуальность исследования социальной конфликтности в философии, с учётом глобальных изменений, требует постоянного переосмысления старых теорий и разработки новых методологических инструментов для понимания и решения подобного рода конфликтных ситуаций.

В условиях современных вызовов, таких как цифровизация, глобализация и политическая нестабильность, философское осмысление природы, сущности, путей и способов не только в урегулировании, но даже и возможностей недопущения социальных конфликтов в любых формах их проявления – остаётся важным условием предотвращения сползания мира к угрозе его неминуемого самоуничтожения.

Список использованной литературы:

1. Епремян Т.В. Дискурс социального пространства города в условиях цифровизации / Т.В. Епремян, С.А. Шилина // В сборнике: Дискурс социальных проблем в социокультурном, образовательном, языковом пространстве в период пандемии коронавируса. Материалы Всероссийской научно-практической конференции с международным участием. Брянск, 2021. С. 25.
2. Бабосов Е.М. Социология: учебник / Е.М. Бабосов. Минск: ТетраСистемс, 2011. С. 232.
3. Федоркина А.П. Социально-психологические особенности развития политических процессов в современной России // Акмеология. 2012. № 4(44). С. 62-66.
4. Федоркина А.П. Массовые формы поведения в контексте новой социальной реальности // Акмеология. 2010. № 4(36). С. 65-69.

ӘОЖ: 1(091)(574)

ӘБЖАНОВ ТӨЛЕУҒАЗЫ ЫСҚАҚҰЛЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ: РУХАНИ МҰРАЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР

Садыкова Торғын Мейрханқызы
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
философия кафедрасының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан

Қазақ философиясы тарихындағы ірі тұлғалардың бірі – менің ұстазым, профессор, философия ғылымдарының докторы Әбжанов Төлеуғазы Ысқақұлы. Оның ғылыми мұрасы – тек қазақстандық философияның ғана емес, жалпыадамзаттық рухани-мәдени ізденістің де маңызды арнасы. ХХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХІ ғасырдың басында Қазақстан қоғамы әлеуметтік-саяси өзгерістердің күрделі кезеңін бастан кешті. Осындай тарихи өтпелі жағдайда қазақ философиясының даму бағыттарын айқындап, оны жаңа мазмұнмен толықтырған тұлғалардың бірі – Әбжанов Төлеуғазы Ысқақұлы еді.

Ұстазымның философиялық ізденістерінің өзегі – рух ұғымы. Ол рухты тек метафизикалық немесе діни категория ретінде емес, мәдениет пен өркениеттің, адам мен қоғамның өмірлік тәжірибесін тұтастандыратын феноменологиялық өлшем ретінде қарастырды. Әсіресе оның «Феноменология казахского духа» атты еңбегінде қазақ дүниетанымының ерекшеліктері феноменология әдісі арқылы зерделеніп, ұлттық рух пен жаһандану мәдениеті арасындағы терең байланыстар ашылды [4]. Бұл еңбектері арқылы мен рухани-мәдени құндылықтарды пайымдаудың жаңа қырларын таныдым.

Бүгінгі кезеңде қоғамның философиялық ойлау жүйесі жаһандану, цифрландыру, мәдени сәйкестік дағдарысы, экологиялық қауіптер және жасанды интеллекттің өрлеуі сияқты факторлардың ықпалымен қалыптасуда. Осындай жағдайда ұстазымның ғылыми мұрасы – руханилық пен мәдениеттің үйлесімділік принципін сақтаудың, ұлттық дүниетанымды әлемдік философиялық ағымдармен сабақтастыра түсінудің теориялық негізі бола алады.

Бұл мақаланы жазуым – мен үшін ұстаздық өнегені қастерлеу, ғылыми дәстүрді жалғастырудың бір көрінісі. Әбжанов Төлеуғазы Ысқақұлы – қазақ философиясына ғана емес, менің ғылыми көзқарасымның қалыптасуына да шешуші ықпал еткен тұлға. Сондықтан бұл мақала – бір жағынан ғылыми мұраны талдау болса, екінші жағынан ұстазға деген шәкірттік алғысым мен құрметімнің айғағы.

Т.Ы.Әбжанов еңбектерінің өзектілігі – олардың тек өткенді пайымдаумен шектелмей, бүгінгі күннің күрделі сұрақтарына жауап іздеуінде. Ол қазақ философиясын әлемдік философиялық дискурста енгізудің жолдарын көрсетті. Осы тұрғыдан алғанда, ғалымның мұрасы қазіргі қазақстандық философия үшін бағдарламалық қызметін атқарады. Оның зерттеулері – рухани мұралылықтың, тарихи сабақтастықтың және жаңа мәдени парадигмалардың тоғысқан тұсы.

Әбжанов Төлеуғазы Ысқақұлы – қазақ философия ғылымының өркендеуіне елеулі үлес қосқан тұлға. 1935 жылы Ресейдің Кемерово облысында дүниеге келген ол жасынан білімге құштар болып өсіп, 1957 жылы Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтының тарих-филология факультетін тәмамдады.

Еңбек жолын ауыл мектебінде бастап, кейін жоғары білім ордаларында оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Оның ғылыми бағыттарының қалыптасуына сол кезеңдегі философия ғылымының күрделі ахуалы әсер етті. Кеңестік жүйеде философия көбіне марксизм-ленинизм шеңберінде түсіндірілгенімен, Т.Ы.Әбжанов оны рухани-адамгершілік категориялармен толықтыруға ұмтылды.

1990 жылы «Философия тарихындағы пайым мен зерденің диалектикасы» атты докторлық диссертация қорғауы – оның ғылыми жолындағы маңызды белес. Бұл еңбекте ол ақыл мен зерде категорияларын тарихи-философиялық талдаудан өткізіп, адамның рухани мүмкіндіктерін айқындап берді[5].

Ғалымның кейінгі еңбектерінде де осы ізденістер жалғасын тапты. «Феноменология казахского духа» еңбегінде ұлттық рухтың мәдени және өркениеттік мәні ашылып, жаһандану жағдайындағы қазақ дүниетанымының ерекшеліктері көрсетілді[4]. «Адамға қарай бет бұрсақ» еңбегінде адам болмысының рухани қырлары зерделенсе[2], «Ойлау тарихының белестері» философиялық ой эволюциясының негізгі кезеңдерін талдады[3]. Бұл еңбектер бүгінгі күнге дейін өзектігін жоғалтпай, жас ғалымдар үшін әдістемелік және теориялық бағдар қызметін атқарып келеді.

Әбжанов Төлеуғазы Ысқақұлының ғылыми мұрасы тек теориялық қазына ғана емес, сонымен бірге ұстаздық өнегенің де айғағы. Ол көптеген шәкірт тәрбиелеп, қазақ философиясында ғылыми мектеп қалыптастырды. Оның дәрістері мен ғылыми жетекшілігі арқылы біздер – шәкірттері рухани-мәдени мәселелерді терең пайымдауға, ұлттық дүниетанымды әлемдік философия аясында талдауға дағдыландық. Сондықтан оның еңбектері мен ұстаздық дәстүрі бүгінгі және болашақ философтар үшін сарқылмас рухани қазына болып қала береді.

Т.Ы.Әбжановтың ғылыми мұрасы – 60-тан астам еңбекті қамтиды. Олардың ішінде монографиялар, оқу құралдары, мақалалар бар. Бұл еңбектер философия тарихы, таным теориясы, логика және ұлттық руханият салаларын қамтып, ғалымның ойлау кеңістігінің ауқымын көрсетеді. Оның еңбектерінің мазмұны тек теориялық деңгейде шектелмей, әрдайым қоғамның рухани сұранысына жауап беріп отырғанын байқауға болады.

Мәселен, «Философия тарихындағы таным теориясы және метод проблемасы» еңбегінде таным теориясы мен әдіснаманың өзара байланысы терең талданса [1], «Адамға қарай бет бұрсақ» – адам болмысына [2], оның рухани қалыптасуына арналған. Ал «Ойлау тарихының белестері» философиялық ой эволюциясының негізгі кезеңдерін сараптайды [3]. Бұл еңбектердің бәрін біріктіретін ортақ қыр – адамның рухани әлемін түсінуге ұмтылыс. Осы ізденістердің шарықтау шегі ретінде «Феноменология казахского духа» еңбегін атауға болады [4]. Мұнда қазақ халқының рухани болмысы мен мәдениеті феноменологиялық әдіс арқылы пайымдалып, ұлттық рухтың жаһандық философиялық дискурстағы орны айқындалды.

Нәтижесінде, Әбжанов рух ұғымын тек философиялық категория ретінде негіздеп қана қоймай, қазақ дүниетанымын әлемдік философияның дамуымен сабақтастыра зерттеді. Оның феноменологияны қолдануы ұлттық философиядағы жаңа әдістемелік бағыттың бастамасы болды. Бұл еңбектердің барлығы өзара логикалық бірлікте, бірін-бірі толықтырып, ғалымның руханилықты қоғам дамуының басты іргетасы ретінде қарастырған көзқарасын дәлелдейді.

Т.Ы.Әбжановтың ойынша, руханилық – адамзаттың болмыстық мәнін айқындайтын іргелі категория. Ол қоғам дамуының негізінде тек экономикалық немесе саяси факторлар емес, ең алдымен рухани құндылықтар тұратынын атап көрсетті. Осыдан келіп оның басты философиялық өзектері айқындалады:

Рух және мәдениет үйлесімі. Рух – мәдениеттің тірегі, мәдениет – рухтың көрінісі.

Тарихи сабақтастық. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан құндылықтар – адамзат дамуының іргетасы.

Жаһандану мен дәстүрлі мәдениет тоғысы. Жаһандану дәуірінде ұлттық рух пен мәдениет өзіндік ерекшелікті сақтап, жаңа жағдайға бейімделуі қажет.

Философияның миссиясы. Философия – тек теориялық ғылым емес, адамның рухани әлемін қалыптастыратын практикалық күш.

Осы қағидаларға сүйене отырып, Әбжанов философияны халықтың рухани жаңғыруының құралы ретінде танытты. Оның пайымдауынша, дәстүрлі мәдениет «өткеннің сарқыншағы» емес, қайта қазіргі заманғы әлеуметтік-экологиялық және мәдени дағдарыстарға жауап беретін өміршең рухани ресурс болып табылады.

Бүгінде Қазақстан қоғамы мәдени жаһандану, цифрландыру, экологиялық қауіптер және жасанды интеллекттің дамуы сияқты жаңа сын-қатерлерге бетпе-бет келіп отыр. Мұндай жағдайда ұстазым Әбжанов Төлеуғазы Ысқақұлының идеяларының ерекше маңызы бар. Ол рухани жаңғырудың философиялық негіздерін айқындап, ұлттық идентификацияны сақтаудың жолдарын көрсетті. Ғалымның ойлары дәстүрлі мәдениеттің экологиялық дағдарыстарды еңсерудегі орны мен әлеуетін дәлелдей отырып, бүгінгі күнге де, келешекке де бағыт береді.

Әбжанов Төлеуғазы Ысқақұлының еңбектерін қазіргі Қазақстанның «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және ұлттық идеяларымен сабақтастыруға болады. Оның тұжырымдары мәдениетті тек өткенді сақтаушы емес, жаңа болашақты қалыптастырушы күш ретінде пайымдауға мүмкіндік береді. Мен үшін Т.І. Әбжанов – қазақ философиясының іргетасын қалаған ірі ойшыл ғана емес, ғылыми көзқарасымның қалыптасуына ықпал еткен ұстаз. Оның ғылыми мұрасы – рух пен мәдениет, дәстүр мен жаңашылдық, ұлттық құндылық пен жаһандық өркениет арасындағы үйлесімділікті түсінудің кілті.

Осы еңбектер шәкірттері үшін де, жалпы қазақ руханияты үшін де сарқылмас қазына болып қала береді. Сондықтан ұстазымның ғылыми мұрасын зерделеу – мен үшін тек ғылыми ізденіс қана емес, рухани борыш әрі алғыс білдірудің бір жолы. Әбжанов Төлеуғазы Ысқақұлының идеялары бүгінгі және болашақ ұрпаққа философиялық бағдар беріп, қазақ философиясының өрісін кеңейте беретініне сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбжанов Т., Әбішев Қ. Философия тарихындағы таным теориясы және метод проблемасы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 120 б.
2. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Адамға қарай бет бұрсақ. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 160 б.
3. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Ойлау тарихының белестері. Алматы: Ғылым, 1994. – 171 б.
4. Абжанов Т. Феноменология казахского духа. – Караганды: КарГУ, 2003. – 210 б.
5. Әбжанов Т. Ы. Диалектика рассудка и разума в истории философии: докторлық диссертация. – Алматы, 1992. – 247 б.

УДК 167

ФИЛОСОФИЯ ОБРАЗОВАНИЯ И. КАНТА В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННОГО КРИЗИСА СМЫСЛОВ

Сейфуллина Галия Рустембековна

Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова,
ассоциированный профессор кафедры философии и теории культуры, Караганда, Казахстан

Проблема соотношения образования и воспитания занимает одно из ключевых мест в философии образования, где образовательный процесс рассматривается не только как передача знаний, но как глубинное становление человеческой субъективности. В контексте современной социокультурной ситуации, характеризующейся кризисом смыслов, утратой нормативных оснований и фрагментацией культурного пространства, возрастает интерес к классическим философским подходам, способным переосмыслить сущность образования в его антропологическом и аксиологическом измерении.

Идею неразрывного единства образования и воспитания с особой выразительностью подчёркивал И. Кант. В его философии образование — это не просто передача знаний или освоение навыков, но прежде всего процесс восхождения к свободе, преодоления природной обусловленности и одновременно процесс встраивания личности в мир культуры и общественной жизни. Тем самым